

**Е. М. Баймұханов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдардың кандидаты**

## **ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ЛОГИКА ПӘНІ МЕН ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚИТУДАҒЫ ӨЗИНДІК ДАЙЫНДЫҚ ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация. Мақалада логика және психология пәндері бойынша өзіндік жұмысты өткізудің ерекшеліктері қарастырылады.*

*Түйін сөздер; таным, түйсік, елестету.*

Өзіндік дайындық оқу үдерісінің алынбас бөлігі болып табылады және оны жүйелі түрде өткізу, өз кезегінде тыңдаушылардың белгілі тақырыпты меңгеруінің кепілі болып табылады. Сол себепті де осы мәселеге көңіл бөліп, ықтиярлықпен келу қалыпты құбылысқа айналу керек. Әсіресе ол логика пәніне байланысты, себебі, логиканы бірден зейін салып түсінбесе, кейіннен оны қуып жету оңайға соқпайтыны белгілі. Сол себепті де логика пәнінен бірінші тақырып бойынша тыңдаушылар мен өзіндік дайындалуға және қандай мәселелерге мән беру керектігіне сабақ барысының тақырыптары бойынша:

*біріншіден*, логикаға кіріспестен бұрын, таным мәселесіне тоқталсақ, яғни, сезімдік таным дегеніміз — сезім мүшелері: көру, есту, сезіну және басқалар арқылы жүзеге асырылатын танып білу. Сезім мүшелері дегеніміз — ол біздің айналамыздағы дүние жайындағы мәліметтер санамызға келіп кіретін бірден-бір қақпалар болып табылады. Сондықтан таным процесінің қандай да болсын материалдық заттардың сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын әсерлерден барталады. Сезімдік таным негізгі үш формада: түйсіктер, қабылдаулар және елестету арқылы жүзеге асырылады;

*екіншіден*, түйсіктер мәселесі яғни, мектеп қабырғасындағы өтетін кейбір пәндерді еске түсіруіміз шарт, сонда ғана біз қойылған мақсаттарымыз бен міндеттерімізге жете аламыз. Түйсіктер негізгі екі топқа: 1) сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін түйсіктерге (көру, есту, иіс, дәм, тері арқылы сезу түйсіктеріне) және 2) денеміздің бөлшектері қозғалысын және ішкі органдарымыздың жайын бейнелейтін түйсіктерге (тепе-теңдікті бұлшық ет, организм арқылы түсіну) бөлінеді. Бұл топтардың арасында әрқашан да тығыз байланыс бар, өйткені, адам сыртқы дүниені енжар түйсінбейді, қайта сыртқы заттардың қасиеттеріне сәйкес сыртқы дүниеге белсенді ықпал жасап, көңіл бөле отырып түйсінеді.

Түйсіктер дегеніміз — сезім мүшелеріне тікелей ықпал жасайтын материалдық заттар мен құбылыстардың жеке сапаларын, қасиеттерін, жақтарын мида бейнелеу болып табылады<sup>1</sup>.

Қабылдау жеке түйсіктердің жай ғана қосындысы емес, заттың тұтас образы болып табылады. Қабылдау дегеніміз — сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін сыртқы материалдық заттың тұтас бейнесі.

Сезімдік қабылдау әрқашан да нақты образдар болып келеді. Қабылдаулар жалпы алғанда жеке заттарды бейнелейді, мұнда олар тек сыртқы көріністері жағынан ғана көрінеді<sup>2</sup>.

Сезімдік таным тек заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдаумен ғана танып қоймайды. Сыртқы заттардың сезім мүшелеріне алуан түрлі әрекет етуі нәтижесінде адамның миында белгілі бір іздер сақталып қалады. Онан әрі бұлар еріксіз немесе әдейі жандануы және адамның бұрын қабылдаған заттарынан нақты образдарының тууына физиологиялық негіз болуы мүмкін. Бұл образдар елестету деп атала-

ды. Елестету дегеніміз — ол қазіргі сәтте сезім мүшелеріне тікелей әсер етпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік образы.

Елестету де қабылдаулар сияқты нақты, көрнекті образдар. Бірақ олардың қабылдаулардан үш түрлі айырмашылығы бар.

Елес қазіргі сәтте заттардың тікелей әсері тимей тұрған кезде санада қайтадан туатын образдар болғандықтан қабылдауларға қарағанда неғұрлым бұлдырлау келеді де, тиянақсыздау болады.

Елестерде көбінесе бұрын әртүрлі жағдайда сан рет қабылданған заттардың образдары, немесе тіпті көптеген ұқсас заттардың образдары қайтадан туатындықтан, олардың қабылдаулармен салыстырғанда неғұрлым жалпыланған сипаты болады.

Елестету заттың тікелей тигізетін әсері жоқ кезде, бұрынғы қабылдаулардың мида сақталып қалған іздері негізінде туатындықтан, ал бұлардың арасында толып жатқан уақытша жүйкеге байланыстары орнайтындықтан, осылардың негізінде қабылдау образдарының түрін өзгертуге, оларды құруға, абстракциялық көрнекті образдар жасауға мүмкіндік туады. Мұндай процесс адамға тән елестету көрінісі болып табылады.

Танымның логикалық формалары аса маңызды байланыстар мен заңдылықтарды ашу үшін дүниені сезім арқылы бейнелеуге ойлау қызметін қосу қажет. Ойлау қызметінің арқасында сыртқы, жеке, тікелей қабылданатын құбылыстарды сезім арқылы танып білуден ішкі, жалпы, тікелей қабылданылмайтын заңдылықтарды логикалық (рационалдық ақыл-ой) жолмен танып білуге болады.

Ойлау адам миының ең жоғары қызметі, сыртқы дүниенің заттарын, олардың маңызды жақтарын, байланыстары мен қатынастарын, аралықтанған, дерексізденген және жалпыланған түрде бейнелейтін қызметті ойлау практикалық қызметтің идеалдық формасы.

Ұғым, пікір, ой тұжырымы логикалық ойлаудың негізгі формалары болып табылады. Олар арқылы зерттеліп отырған заттың мәнін ашаңыз.

Ұғым дегеніміз — логикалық ойлаудың аса маңызды элементі. Ойлаудың бүкіл ұғымдар туғызу және оларды жүйеге келтіру және пайдалану жолымен болады. Жалпы ұғым дегеніміз — ол сезімдік образдың негізгі екі түрлі жағынан айырмашылығы бар ойдың ерекше образы: біріншіден — сезімдік айқындығы жоқ образ, екіншіден — жалпыланған көптеген ұқсас нәрселерді, қасиеттерді, байланыстарды, процестерді олардың маңызды белгілері жағынан алып бейнелейтін образ. Нақты ұғым туралы көптеген түсініктердің синтезі — олардың бірлігі.

Ұғым дегеніміз — заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері түріне бейнелеу болып табылады. Ұғым шындықтың рационалдық бейнесі, шоғырланған білімнің формасы. Ұғымдар бір-бірінен өздеріндегі белгілі бір заттар мен құбылыстардың жалпылану дәрежесіне қарай айырылады. Ой қозғалысының мәнісі мынада: біз қандай да болсын бір заттарды зерттей отырып, белгілі бір қасиеттер мен қатынастардың оларға тән не тән емес екенін анықтаймыз, сонда мұның өзі осы заттар туралы бір нәрсені қуаттауымызға немесе теріске шығармауымызға негіз болады. Ұғым сияқты, пікір де заттар мен құбылыстар арасындағы, олардың әртүрлі жақтары мен қасиеттері арасындағы байланыстар мен қатынастардың бейнесі. Бірақ пікірде бұл байланыстар мен қатынастар мүшеленген және кеңінен жазылған формада бейнеленді. Пікір дегеніміз — ол қандай да болсын бір зат жайында бір нәрсе мақұлданылатын немесе теріске шығарылатын ой.

Логикалық ойлаудың үшінші негізгі формасы — ой тұжырымы. Ой тұжырымы арқылы біз бастапқы білімнен логикалық жолмен жаңа білім аламыз. Пікірдің тұжырымдары заңдылықпен байланыстыруға негізделетіні сияқты, ой тұжырымы да пікірлерді заңдылықпен байланыстыруға негізделген. Ой тұжырымы дегеніміз — ол кейбір пікірлерден жаңа пікір тудырылатын ойлаудың жоғары формасы.

Ой тұжырымының арқасында ойлаушы адам өзінің әрбір пікірін тікелей сезімдік тәжірибенің мәліметтеріне, эмпириялық жолмен анықталған фактілерге негіздеп жатуының қажеті болмайды. Айналадағы дүниеде заттар мен құбылыстардың заңдылық байланысы жалпының, ерекшенің және жекенің арасындағы заңдылық байланыс бар. Адам қоғамның бүкіл тарихы бойындағы өзінің практикалық қызметінде осы заңдылық байланысқа іздеумен, кездесумен келді, оның бар екеніне көзін жеткізеді, оны өз мақсаттарына пайдаланады. Жан-жақты практикалық қызмет жағдайларында талай рет қайталау нәтижесінде заттардың негізгі неғұрлым жалпы заңдылық қатынастары адамның ойлауынан оның ой қызметінің негізгі заңдары мен ережелері формасында орын тепті.

Танымның тұтас күрделі процесінде бейнелеудің сезімдік және логикалық формалары «таза» түрінде, жеке, бір-бірінен оқшау түрінде көрінбейді. Олар бірігіп, бір-бірімен қабысып, өзара бір-біріне еніп тұрады. Таным ісінің қандайына да болсын белгілі бір дәрежеде сезімдік, эмпирикалық элементтер де, сол сияқты рационалды, теориялық элементтер де кіреді. Таным процесі сезімдік және рационалдық жақтардың диалектикалық бірлігі.

Өрісі тар эмпиризм мен рационализмге қарама-қарсы диалектикалық материализм таным процесіндегі эмпириялық және рационалдық деңгейлердің бірлігін негіздеп, тәжірибеде логикалық ойлаудың қатысуы көзделетінін, ал керісінше, абстракті ойлауды эмпириялық негіздің көзделетінін көрсетеді. Эмпириялық таным тек бір ғана сезімдік қабылдауларға келіп тірелмейді. Объектілерді байқағанда және олармен эксперимент жасағанда зерттеушілер белгілі бір ойларды басшылыққа алады. Екінші жағынан, теориялық таным тек абстракцияларды пайдаланумен ғана бітпейді. Ғылыми теорияларды құра отырып, ғалымдар әрқашан да сайып келгенде, эмпирикалық жолмен анықталған шындықтың фактілеріне сүйенеді, оларды индуктивті жолмен жалпылай отырып жаңа заңдылықтар ашады.

Теориялық ойлар сезімдік, эмпириялық жағдайлармен қайшылыққа келуі мүмкін. Олардың арақатынасын диалектикалық тұрғыда қарау қажет. Мысалы, Эйнштейннің салыстырмалық теориясын алайық. Эмпириялық тәжірибе сәуленің жылдамдығы бірқалыпты деген тұжырымды растамайды. Планктің сәуле кванттар түрінде тарайды деген гипотезасы да эмпириялық фактілерге негізделмеген болатын. Теориялық тұжырымдар фактілердің ауқымынан шығып, олардың негізгі мінін түсінуге мүмкіндік туғызады.

Бірақ фактілерді зерттеу тек оларды жинаумен және үстірт баяндап жазумен ғана бітпейді. Фактілерді теориялық ойлаудың көмегі арқылы талдап, жинақтап, қорытып, олардың ішкі байланыстары мен заңдарын білуге ұмтылу керек. Ғылыми таным қайсыбір құбылыстардың, процестердің, оқиғалардың қалай өтетінін тек баяндаумен ғана тынбайды, қайта оларды түсіндіруді, яғни олардың неліктен, қандай заңдар бойынша болатынын ашуды талап етеді. Ал бұған тек теориялық танымның дәрежесінде ғана жетуге болады,

Ғылыми танымның негізгі мақсаты зерттеліп отырған объекті туралы жаңа білімді таба білу. Білім — сезімдік және рационалдық жақтардың бірлігі.

Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлерінің бір-бірінен мынадай айырмашылықтары бар: оларда зерттеліп отырған объект әртүрлі жағынан қарастырылады, білім әртүрлі әдістер арқылы табылады, оны белгілейтін әртүрлі логикалық формалар. Эмпириялық деңгейде қарапайым пайымдауға қолайлы объектінің сыртқы байланыстары мен қатынастары қарастырылады, тәжірибеден тікелей индуктивтік әдіспен алынған эмпириялық білімнің логикалық формасы ретінде жеке фактіні бейнелейтін жеке ой пікірі, ол білім жаңа теорияны құраудың эмпириялық негізі болады. Эмпириялық деңгейде құбылыс дәрежесінде заңдылықтар анықталады. Таным құбылыстан мәнге, бірінші реттегі мәннен екінші реттегі мәнге т. с. с. қарай қозғалады. Сөйтіп, таным заттың ішкі мәніне қарай шексіз тереңдей береді. Ал теориялық деңгейде заттың ішкі байланыстары мен заңдылықтары, қайшылықтары мен заңдары ашылады. Бұл эмпириялық білімді теориялық жолмен өңдеу, белгілі бір принцип бойынша синтездеу арқылы табылады. Теориялық білімнің логикалық формасы өзара іштей жинақталған абстракциялар жүйесі болып табылады. Зерттеліп отырған объектінің теориясын құру және қолдану танымның теориялық деңгейінің мақсаты. Эмпириялық білімге қарағанда теориялық білімнің қолдану аясы өте кең. Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлері өте тығыз байланыста.

Оқу үдерісі және онымен ұдайы қатынастағы адам үнемі дамуда, қозғалыста болатыны белгілі. Оның заңдылықтарын дәлірек және толығырақ бейнелеу үшін ғылыми таным да үнемі даму мен қозғалуда болуы қажет. Ал материялық дүниенің дамуы белгілі бір заңға бағынады, және қайшылықты сипатта болады. Сондықтан таным процесі де қайшылықты және дамуда. Қайшылықтың пайда болуы, дамуы, шиеленісуі және шешілуі — даму процесі дегеніміз осы. Қайшылық проблемалық ситуация дегенді тудырады, ал оны шешу ғылыми танымды онан әрі дамытады<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Тұрғанбаев С. А. Логика. — Алматы, 2003.

<sup>2</sup> Саматов Қ. Т. Логикаға кіріспе. — Алматы, 2006.

<sup>3</sup> Қонысбаев Қ. М. Қисын. — Алматы, 2002.

## Резюме

В статье рассматриваются особенности самостоятельной работы слушателей при изучении дисциплин «Логика» и «Психология».

## Resume

In the article the features of Iws in the study of disciplines such as «Logic and» «Psychology» have been observed.